



Қоғамдық бірлестігі

010000, Қазақстан Республикасы

Нұр-Сұлтан қаласы, Қабанбай батыр д, 17

тел. 95-50-38

09.07.2021 г_№ 34

010000, Республика Казахстан

Г. Нұр-Сұлтан, пр. Қабанбай батыра, 17

тел. 95-50-38

эл.адрес: astprofkomkz@mail.ru

2021 жылдың 1 жартыжылдығының қорытындысы бойынша құрылымдық бөлімшелердің қызметі туралы ақпарат

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының қызметкерлері жергілікті кәсіподақтың мүшелері болып табылады. Қазіргі уақытта жергілікті кәсіподақ қатарында 8591 кәсіподақ мүшесі бар 16 бастауыш ұйымға біріккен, бұл жұмыс істейтін жалпы қызметкерлер санының 58%-ын құрайды.

Жыл басынан кәсіподақ ұйымдарының атына 470 өтініш келіп түсті, оның ішінде ең көбі – 409 өтініш, әртүрлі өмірлік жағдайлар бойынша қаржылық көмек көрсету мәселелеріне, 36 – санаторлық емдеу, 25 – тұрғын үй-тұрмыстық сипаттағы мәселелер, еңбекақы төлеу шарттары, қолданылған жазаларды мерзімінен бұрын алу, еңбек жағдайларын жақсарту және т.б. мәселелерге қатысты болды. Олар бойынша кәсіподақ комитеттерінің 89 отырысы өткізілді, оларды қарау нәтижесі бойынша 462 өтініш қанағаттандырылды. Кәсіподақ ұйымдарының өкілдері 67 тәртіптік комиссияның, 48 сыйақы комиссиясының, 3 келісім комиссиясының жұмысына қатысты. Бастауыш кәсіподақ ұйымдары төрағаларының жұмыс берушінің атына енгізген ұсыныстары бойынша кәсіподақтың 84 мүшесінен бұрын қолданылған тәртіптік жазалар мерзімінен бұрын алынып тасталды.

Федерацияның салалық және жергілікті кәсіподақтары арасында жұмысшылардың әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғау жүйесін дамытуға бағытталған Меморандум жасалды. Қазақстан Республикасының цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Федерацияның салалық кәсіподағы арасында 2021-2023 жылдарға арналған салалық келісім дайындалды.

Біз үшін ғана емес, бүкіл ел үшін ауыр сынақ - 2020 жылдың басынан бастап әлемдік пандемияға ұласқан коронавирустық инфекция эпидемиясының таралуы және елдің барлық аймақтарында карантин енгізу болды.

Республика аумағында карантин, өзін-өзі оқшаулау режимін енгізу, қашықтықтан жұмыс режиміне көшу, халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететіндерден басқа, барлық ұйымдар мен бизнестің қызметін тоқтата тұру еңбекті

ұйымдастырудағы, кәсіподақ мүшелерінің әлеуметтік-еңбек құқықтарын сақтаудағы, қызметкерлерді жұмыстың ерекше жағдайларында ынталандыру мәселелеріндегі жаңа проблемаларды анықтады. Осы күрделі кезеңде біздің бастауыш кәсіподақ ұйымдары шетте қалмады, барлық жерде мүшелік ұйымдардағы жағдайға мониторинг жүргізіледі, туындайтын түйткілді мәселелер зерделенеді және жойылады.

Жыл басынан мүшелік жарналар есебінен кәсіподақтың 409 мүшесіне 5 558 159 теңге сомасына түрлі аспектілер бойынша қайырымдылық қаржылық көмек көрсетілді, оның ішінде 44 адамның некеге тұруы – 490 755, баланың тууы 138 – 1 556 028, 72 – 942 435, 42 – 749 340, зейнеткерлікке шығу 10 – 164 170, төтенше, күтпеген жағдайлар бойынша 13 – 478 340, жақын туыстарының қайтыс болуы 90 – 1 279 091. Санаторийлерде емдік-сауықтыру демалысын 2 241 200 теңге сомасына 36 адам жүзеге асырды, жасалған шарттарға сәйкес жергілікті кәсіподақ жыл соңына дейін сауықтыру демалысына тағы 90 адамды жіберуді жоспарлап отыр.

Өңірлердегі қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, мәдени-бұқаралық, ұйымдастырушылық және өзге де іс-шараларға 17 850 700 теңге бағытталды және игерілді. 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне – 7 516 388 теңге, мамыр мерекелеріне – 4 615 300 теңге, 1 маусым Балаларды қорғау күніне – 1 127 000 теңге сомасында сыйлықтар, сертификаттар табыстаумен іс-шаралар өткізілді. Үстел теннисі, футбол, пейнтбол бойынша кубоктар, кәдесыйлар, грамоталар тапсырумен турнирлер ұйымдастырылды. Орталық аппараттың футбол командасының түнгі лига форматындағы мемлекеттік қызметшілер мен квазимемлекеттік сектор арасындағы чемпионатқа қатысуы үшін 240 мың теңге жіберілді, Түркістан филиалының қызметкерлері үшін жазғы кезеңге 190 мың теңге сомасына футбол алаңы жалға алынды, Павлодар филиалында волейболмен айналысу үшін 97,5 мың теңге сомасына спорт залы жалға алынды.

Ұлттық, мемлекеттік мерекелерді, мерейтойларды, зейнеткерлік жастағы жетістіктерді атап өту үшін, жемісті, көпжылдық жұмысы, кәсіподақ қозғалысын нығайтуға қосқан жеке үлесі үшін бастауыш кәсіподақ ұйымдарының 30 мүшесі мен ардагерлер "Еңбек даңқы" медалімен, 37 "Кәсіпкерлік қызметінің дамуына қосқан үлесі үшін" төсбелгісімен, кәсіподақтың 49-дан астам мүшесі грамоталармен және жергілікті кәсіподақтың құттықтау хаттарымен марапатталды.

Түркістан облысы Сарыағаш ауданының ХҚКО басшысының орынбасары Талғат Бағдатұлы Камиловтың көпірден пойыз астына секіргісі келген адамды құтқарғанын атап өту керек. Белсенді азаматтық ұстанымы және әлеуметтік жауапкершілігі үшін Камилов Талғат Бағдатұлы бастауыш кәсіподақ ұйымының өтініші бойынша "Еңбек даңқы" медалімен марапатталды.

Тұтастай алғанда, жергілікті кәсіподақ және оның құрылымдық бөлімшелері тең құқықты ынтымақтастық, Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде персоналды жұмыспен қамту және дамыту, еңбек жағдайлары және оған ақы төлеу, еңбек пен денсаулықты қорғау туралы ережелерді іске асыру, кәсіподақ мүшелеріне әлеуметтік кепілдіктер мен жеңілдіктер беру жөніндегі өзара міндеттемелерді орындау бойынша өз қызметін одан әрі жалғастыруға ниетті.